УДК 903/904 (574/575) + 811.512.2
МРНТИ 03.41.91
https://doi.org/10.52967/3007-6528.2024.2.53.62

Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешенінде 2023 ж. жүргізілген қазба жұмыстары

© 2024 ж. Талеев Д.Ә., Камалдинов И.Р., Шульга В.А.

Keywords: *archaeology, North Kazakhstan, the Middle Ages, exploration, research, sites, Akkanburlyk*
Түйін сөз: *археология, Солтүстік Қазақстан, орта ғасыр, барлау, зерттеу, ескерткіштер, Аққанбұрлық*
Ключевые слова: *археология, Северный Казахстан, Средневековье, разведка, исследование, памятники, Акканбурлык*

D. Taleev[1], I. Kamaldinov[1] and V. Shulga[1]
[1]Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Petropavlovsk, Kazakhstan

Excavations carried out in 2023 in the Akkanburlyk complex (Simonovka 11)

The study of medieval archaeological monuments in Northern Kazakhstan is a crucial area of focus in Kazakhstani science. In 2023, researchers from the Margulan Institute of Archaeology conducted archaeological surveys and exploratory work in several districts of the North Kazakhstan region. As a result of these investigations, many new sites were identified. Excavations were carried out at one of the medieval monuments. The site selected for excavation was the Akkamburlyk complex (Simonovka 11) in the G. Musrepov district near the village of Simonovka. This article presents the initial results of the excavations. It is both important and necessary to continue archaeological research in the region. We believe that the findings will unveil new chapters in the history of Kazakhstan.
Source of funding: The article was prepared within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan 2023–2024, IRN BR18574223.
Citation: Taleev D., Kamaldinov I., Shulga, V. 2024. Excavations carried out in 2023 in the Akkanburlyk complex (Simonovka 11). *Margulan readings–2024.* In 2 vol. Vol. 2. Pp. 53–62 (in Kazakh).

Д.Ә. Талеев[1], И.Р. Камалдинов[1], В.А. Шульга[1]
[1]Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты. Алматы қ., Петропавл қ., Қазақстан

Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешенінде 2023 ж. жүргізілген қазба жұмыстары

Қазақстанның солтүстік өңірінің ортағасырлық археологиялық ескерткіштерін зерттеу Қазақстан ғылымындағы тың бағыт болып отыр. Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология инситуты институтының қызметкерлері 2023 ж. Солтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауданында археологиялық іздеу және барлау жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында көптеген жаңа нысандар табылды. Ортағасырлық ескерткіштердің біріне қазба жүргізілді. Қазба жүргізуге таңдап алынған нысан Ғ. Мүсірепов ауданындағы Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені болды. Мақалада қазба жұмысының алғашқы нәтижелері берілді. Сол үшін өңірдегі археологиялық зерттеуді жалғастыру қажет. Ал зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихының тың беттерін ашып, ғылымға жаңалық әкелетіндігі сөзсіз деп ойлаймыз.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023–2024 жж.арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы, ЖТН BR18574223 жобасы аясында дайындалды.
Сілтеме: Талеев Д.Ә., Камалдинов И.Р., Шульга В.А. 2024. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешенінде 2023 ж. жүргізілген қазба жұмыстары. *Марғұлан оқулары–2024.* 2 том. 2-т. 53–62-бб.

Д.А. Талеев[1], И.Р. Камалдинов[1], В.А. Шульга[1]
[1]Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, г. Петропавловск, Казахстан


Раскопки 2023 г. на комплексе Акканбурлык (Симоновка 11)

Изучение средневековых археологических памятников Северного Казахстана является важнейшим направлением в казахстанской науке. Сотрудниками Института археологии им. А.Х. Маргулана в 2023 г. проводились археологические поисковые и разведочные работы в нескольких районах Северо-Казахстанской области. В результате проведённых исследований выявленно много новых объектов. Раскопки проведены на одном из средневековых памятников. Объектом, выбранным для проведения раскопок, был комплекс Акканбурлык (Симоновка 11) в районе имени Г. Мусрепова у с. Симоновка. В статье представлены первые результаты раскопок. Важно и необходимо продолжить археологические исследования в регионе. Мы считаем, что результаты исследования откроют новые страницы истории Казахстана.
Источник финансирования: Работа выполнена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК на 2023–2024 гг., ИРН BR18574223.
Цитирование: Талеев Д.А., Камалдинов И.Р., Шульга В.А. 2024. Раскопки 2023 г. на комплексе Акканбурлык (Симоновка 11). *Маргулановские чтения–2024.* В 2-х т. Т. 2. С. 53–62.

Кіріспе

Қазақстан археологиясында аймақтарда дәуір-дәуір бойынша зерттеу жүйесі бір деңгейде жүргізілмеген. Оңтүстік өңірлерде қола және темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу кенже қалса, керісінше орталық және солтүстік аймақтарда ортағасырлық отырықшы тұрғындардың ескерткіштерін зерттеу дұрыс жолға қойылмаған. Бұл айтылған өңірлерде көшпелі немесе отырықшы шаруашылық жақсы дамымаған дегенді білдірмейді. Керісінше мамандардың айтылған мәселелерге арнайы талдау жасамағандарында болып отыр. Мысалы, Таутары қорымы Түркістан облысы, Созақ ауданы, Баба ата ауылы маңындағы Таутары сайында орналасқан 28 тас қоршау мен үш обадан тұратын қола дәуіріне жататын қорымды алғаш 1953, 1957–1958 жж. А.Г. Максимова жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы ашып зерттеген [АКК 1960: 241–242]. Алайда оңтүстік өңірде Таутары қорымынан басқа қола дәуірі ескерткіштері ұзақ жылдар бойы зерттелмей қалғандықтан ғалымдар арасында бұл аймақты қола дәуірі тұрғындары мекендемеген деген пікір қалыптасты. Біраз жыл үзілістен кейін 2000 ж. Е.А. Смағұлов бастаған Түркістан археологиялық экпедициясы Түркістан қаласынан оңтүстікке қара 5 км жерде орналасқан Шербай қола дәуірі қорымын зерттеді [Смагулов, Баратов 2000]. Ал 2001–2004 жж. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Б.Ә. Байтанаев жетекшілік еткен археологиялық экспедициясы Бүргүлік шатқалындағы қола дәуірі қонысы мен қорымында зерттеу жүргізді [Байтанаев 2011]. Осы зерттеулер оңтүстік өңірде қола дәуірі ескерткіштері бар екенін, оларды зерттеуге дұрыс көңіл бөлінбегендігін көрсетеді. Дәл осыған ұқсас жағдай Шығыс және Солтүстік Қазақстан облыстарында орын алып отыр. Бұл өңірлерде керсінше ортағасыр археологиясы, отырықшы мәдениет ескерткіштерін зерттеу артта қалып отыр. Тас, қола және ерте темір дәуірі ескерткіштері жақсы зерттелген. Осыған орай бүкіл Қазақстан бойынша барлық дәуір археологиясын бірдей дамытатын уақыт келді деп ойлаймыз (1-сур.)* (*Суреттерді авторлар дайындаған).

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты өңірлерде институттың бөлімдерін ашу мақсаты барысында өткен жылы Петропавл қаласындағы М.К. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті жанынан институттың филиалын ашты. Осы филиал мен институттың бірлескен археологиялық экспедициясы облыстың Ғ. Мүсірепов ауданы Рузаевка ауылдық округіне қарасты Симоновка ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 км жерде, Аққанбұрлық өзенінің оң



1-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. Жобасы
Fig. 1. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Plan
Рис. 1. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). План

жағалауындағы террасада орналасқан Аққанбұрлық (Симоновка 11) археологиялық кешенінде қазба жүргізілді. Кешен бір-біріне жақын жатқан үш нысаннан тұрды. Мақалада осы қазбаның нәтижелері жайлы талдаулар жүргізіледі.

Материалдар мен зерттеу әдістері


Тақырыпты орындау барысында алғашқы кезекте археологиялық барлау жүргізіліп, нысандар квадрокоптер көмегімен фотоға түсірілді, кешеннің топографиялық жобасы жасалып, арнайы тіркеуге алынды. Екінші кезекте кешенде кең көлемде қазба жүргізілді. Қазбаға арнайы мамандар қатыстырылып, қазба материалдары талапқа сай тіркеліп, сараптамалық материалдар алынды. Қазба барысы мен нәтижесі жазылды (2-сур.).

Зерттеу барысы мен нәтижелері

Зерттеудегі негізгі нысан кешеннің солтүстік-батыс шетінде орналасқан, басқаларынан едәуір биік төртбұрышты төбе. Төбенің ортасы шұңқыр, бетінде төртбұрышты етіп жалпақ тастан қаланған қабырғалардың ізі білініп жатты.

Үстіңгі жағын қабырғадан құлаған тастардың үйіндісі жауып жатқан. Нысанның жалпақ тастардан қаланған ескі құрылыстың орны екендігін қарапайым көзбен аңғаруға болады. Төбенің қазбаға дейінгі көлемі 14×11 м, биіктігі айналадағы жер деңгейінен 0,5–0,8 м болды. Орта тұсында тереңдігі 0,6 м, диаметрі 3–3,5 м шамасындағы шұңқыр бар. Жобасы төртбұрыш келген нысанның бұрыштары дүниенің төрт тарапымен бағыттас орналасқан.

Екінші нысан кешеннің солтүстік шетінде жатқан сопақ келген жеке оба. Оның қазбаға дейінгі диаметрі 9×13 м, биіктігі 0,3 м. Бетінде шашылған жалпақ тастар



2-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. Жоғарыдан көрініс
Fig. 2. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). View from above
Рис. 2. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Вид сверху


жатты. Үшінші нысан негізгі нысанның оңтүстік шетінде жатқан шомбал тастар шоғырынан тұрады. Бұл жерде бір-біріне қарама қарсы жатқан төрт үлкен тастың айналасында шашылған жалпақ тастар көрінді (3-сур.).



3-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. 1 нысан. Қазбаға дейінгі көрініс
Fig. 3. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Object 1. View before excavation
Рис. 3. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Объект 1. Вид до раскопок

Негізгі қазба ретінде (1 қазба) бірінші нысан алынды. Қазба салынатын төбе 15×15 м шаршыға бөліп алынып, қазба жүргізілді. Қабырғадан құлаған тастардан қалыптасқан құланды төбешіктер топырақ пен өскен шөпке араласып, шымға айналып қатып қалғандықтан қазба өте ауыр жүрді. Алғашқы күндерде тастан қаланған құрылыстың қабырғаларының сыртқы жақтары анықталып, қабырға бойымен оны құландылардан аршу жұмыстары жүргізілді. Осы жерде болған тастан қаланған ғимараттың қабырғаларын құландылардан тазартқан кезде оның төртбұрышты қабырғалары жалпақ тастардан қаланған белгісіз құрылыстың орны екендігі анықталды. Құрылыстың бұрыштары дүниенің төрт тарапымен бағыттас, көлемі 7,5×9,35 м. Қабырғалары 40–45 см (6 қатар қаланды) биіктікте сақталған, қалыңдығы 0,9 м. Мәйітті (тонау кезінде шашылған адам сүйектері табылды) қоршай қаланған тастардың көлемі мен қалыңдығы алуан түрлі. Ең үлкендерінің көлемі 70×50×10 см, орташалары 45×30×8; 50×25×9; 30×20×6 см. Тіпті үсақ тастар да болды. Қабырғасы тастан қаланған ғимараттың қабырғаларының сақталған бөлігі толық ашылғаннан кейін қазба оның ішкі жағын аршумен жалғасты (4-сур.).

Бастапқыда орта тұсы ойық келген құландыны қазу барысында қабырғадан құлаған тастардан бөлек ортағасыр кезінде кеңінен қолданылған қыш ыдыстардың ұсақ сынықтары көп кездесті. Олар өте жұқа және кішкене сынықтар болды. Яғни ас-су ішіуге арналған кесе, пиала секілді кішігірім



4-сур. Ақканбұрлық (Симоновка 11) кешені.1 нысан. Кесінді
Fig. 4. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Object 1. Section
Рис. 4. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Объект 1. Разрез


ыдыстардың бөліктері болса керек. Арасында сыртына қарай аздап қайырылған ернеу сынықтары да кездесті. Бірақ сырлы ыдыстардың сынықтары кездеспеді. Яғни жиналған қыш ыдыс сынықтарының кешені сырлы ыдыстар таралмаған ерте ортағасыр кезеңіне жатса керек.

Қазба барысында ғимараттың ішінен әртүрлі уақыт аралығына жататын археологиялық артефактілер табылды. Олардың ішінде ортағасырлық қыш ыдыс сынықтары, қоныс аударушылардың қыш ыдыс сынықтары, мал сүйектері, шынылар, қайың қабықтары, шеге, балта, қаңылтыр, т.б.

Қазба толық біткеннен кейін ашылған нысанның сипаттамасы:

Жоғарыда айтылғандай көлемі 7,5×9,35 м ғимараттың ішкі жағынан есептегендегі көлемі 5,7×7,6 м құрылыс үлкен бір бөлмеден тұрған. Ішкі жағын бөліп тұрған ешқандай қабырға іздері анықталмады. Ғимараттың оңтүстік-шығыс бөлігін тұтастай жер еден алып жатыр (5-сур.).

Ал оңтүстік-батыс бөлігін қабырғаны бойлай қазылып, қабырғаларын таспен қалап шыққан шұңқыр (подвал) алып жатыр. Оның ені табанында 1,9 м, жоғарғы жағында 2 м, ұзындығы 6,3 м, тереңдігі 1,1 м. Айнала қоршай тастан қаланған қабырғасының қалыңдығы 40 см. Шамасы шұңқырдың беті ағаш еденмен жабылса керек. Соңғы кезде болған үлкен өрттің салдарынан подвалдың бетіне жабылған ағаш еден жанып кеткен. Еденнің жанған ағаштарының күлі шұңқырдың түбінде қабырғадан құлаған тастармен араласып жатты. Жанып кеткен ағаш көмірінің қалдығы сынама ретінде сараптамаға алынды. Шұңқырдың түбі біртегіс болмады және негізгі артефактілер осы еден бетінен табылды. Олар: ортағасырлық және қоныс аударушылардың ыдыстарының сынықтары, шыны, былғары қалдығы, темірден жасалған жарғыш, шеге, болт, гайка, қаңылтыр т.б. Подвалдың сыртқа шығатын есігі оның оңтүстік-батыс бөлігінде. Өзен террасасына қарай бағытталған есік



5-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. 1 нысан. Қазба біткен кездегі көрініс
Fig. 5. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Object 1. View after the completion of excavations
Рис. 5. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Объект 1. Вид после завершения раскопок

қуысы екі жағына тас қаланған ұзын өткелден (траншея) тұрады. Оның ені 1,30–1,35 м, биіктігі 0,8–1 м , ұзындығы 3,5 м. Бұл есік қуысы ғимараттың оңтүстік-батыс қабырғасының астынан өтеді. Яғни подвалдың негізгі есігі сырттан кіретін болған. Шұңқырдың есік қуысының аузында есікті бекіткен ағаш бағанның шіріген қалдығының бір бөлігі сақталған. Ал ғимараттың ішкі еденінде шұңқырға түсетін ойық болғаны, не болмағаны жайлы мәлімет жоқ.

Ғимараттың оңтүстік-шығыс бөлігі тұтас жатқан жер еденнен тұрады. Бұл бөліктің көлемі 3×7,5 м. Еденнің қақ ортасында екі жалпақ тас жатты. Тастың айналасында сопақша, жиектері ирелеңдеп келген сары балшықтан түзілген дақ байқалды. Дақтың ені үлкен тұсында 1 м, ұзындығы 2 м (6-сур.).

Жалпақ тастарды алғаннан кейін астынан диаметірі 30 см шұңқыр шықты. Шұңқырдың іші органикалық шірінділер араласқан топырақпен толған. Оны тазалаған соң шұңқырдың тереңдігі 25 см екендігі анықталды. Шұңқырдың үйдің қақ ортасында орналасқанына қарағанда ол шатырды ұстап тұрған орталық тіреудің орны болуы мүмкін деп болжадық. Тіреудің орны оңтүстік-шығыс қабырғадан 1 м жерде орналасқан. Дәл осындай екінші тіреу шұңқырдың (подвал) бетіндегі ағаш еденнің үстінде де болса керек. Үй ішіндегі еденді аршу барысында оның солтүстік бұрышында жатқан жалпақ тастар үйіндісі үстінен қайың ағашының қабықтарының қалдықтары табылды. Қабықтарды алып, жалпақ тастар үйіндісін аршыған кезде оның астынан ошаққа ұқсас шұңқыр шықты. Шұңқырдың ішіне топырақ толған. Шұңқырды тазарту кезінде оның ішінен темір балта табылды. Балта XX ғ. 50 ші жылдарынан бастап кеңінен қолданыста болған құралдар тобына жатады. Шұңқырдың диаметрі 30 см, тереңдігі 20 см. Оны ошақ деуге келмейді. Ішінде жанған оттың немесе



6-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. Нысан 1. Төбе тіреуінің орны
Fig. 6. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Object 1. Ceiling support point
Рис. 6. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Объект 1. Место опоры потолка

күлдің қалдықтары болмады. Ғимаратқа кіретін есік қуысының орны оңтүстік-шығыс және солтүстік-шығыс қабырғалардың бойынан анықталды (7-сур.).

Олардың екеуінің де ені 2 м және ағаштан жасалған табалдырықтары бар. Есіктің астына төселген ағаш табалдырықтар қатты шіріген. Тағы бір қызығы екі есік те бір кезде қайта бекітілгені байқалады. Олардың бір мезгілде немесе кезектесіп қолданыста болғанын анықтау қиын. Табалдырықтың үстіне қаланған тастар қалай болса солай қойылғанымен жалпы формасы қабырғаның бойымен сәйкес жатыр. Бұл көрініс есіктердің соңғы кезде қайта бекітіліп, ғимаратқа кіретін есік басқа шетінен жасалғанын білдіреді. Бірақ қай тұста болғанын анықтау мүмкін болмады. Ғимараттың құламай қалған бөлігінде басқа есік қуысы болғандығын білдіретін белгі байқалмады.

Қорытынды

Нысанда жүргізілге қазба жұмысының нәтижесін тұжырымдап, қазбадан табылған артефактілерді сараптау нәтижесі бұл жерде жеке тұрғын үй болған деген болжам жасауға негіз болады. Қазбадан шыққан археологиялық материалдардың құрамы, материалы және қолданыс кезеңі әртүрлі уақыт аралығына жатады. Үй құрылысының нақты қай уақытта салынғандығы әзірге белгісіз. Қазбадан алынған сынамаларға жасалатын сараптамалар нәтижесі бір жауабын айтары анық. Біздің алдан ала болжамымыз бойынша үй құрылысы үш дүркін пайдаланылған. Қазба барысында ғимараттың ішінен табылған ортағасырлық қыш ыдыстардың сынықтары үй алғаш



7-сур. Аққанбұрлық (Симоновка 11) кешені. Нысан 1. Есік ойығының орны
Fig. 7. Akkanburlyk complex (Simonovka 11). Object 1. The location of the doorway
Рис.7. Комплекс Акканбурлык (Симоновка 11). Объект 1. Место дверного проёма

V–X ғғ. аралығында салынған деп шамалауға негіз болады. Бірақ құрылыстың бастапқы салыну мерзімін білдіретін нақты дәйек болмай тұр. Екінші рет үйді XIX ғ. ресей тарапынан келген қоныс аударушылар пайдаланса керек. Қазбадан табылған орыстың қыш ыдыстары осындай болжамға негіз береді. Үшінші кезекте үй XX ғ. алғашқы жартысында пайдаланылғанына балта, шеге, болт, гайка, шыны секілді тұрмыста және техникада қолданылған заттардың аналогиясы осындай болжам жасауға негіз болады.

Екінші және үшінші объектілерде жүргізілген қазба жұмыстары ешқандай оң нәтиже бермеді. Екінші объектіні қазған кезде үйіндінің астынан әктен қалған дақ, шегелер мен кішкене араның тісі табылды. Үйіндінің астынан ағаш бағаналардың ретсіз орналасқан орындары (шұңқырлар) шықты. Солардың бірінде бөренеңің шірінді қалдығы сақталыпты. Біздің пайымдауымызша бұл жер XX ғ. салынған қандайда бір уақытша құрылыстың орны. Үшінші объектінің шым қабатынның астыңғы жағы табиғи қабатқа жалғасты. Ешқандай мәдени қабаттың ізі байқалмады. Тек ғана шым қабатының арасынан бірнеше ортағасырлық керамика табылды.

ӘДЕБИЕТ

1 АКК – Археологическая карта Казахстана / Сост.: Е.И. Агеева, К.А. Акишев (отв. ред.), Г.А. Кушаев [и др.]. Алма-Ата: АН КазССР, 1960. 450 с.

2 *Байтанаев Б.А.* Древности Бургулюка. Алматы: ИА МОН РК, 2011. 224 с.

3 *Смагулов Е.А., Баратов С.Р*. Некрополь эпохи бронзы в окрестностях г. Туркестан // Отан тарихы. 2004. № 3–4. С. 75–86.

REFERENCES

1 Akishev, K. A. (ed.). 1960. *Arheologicheskaya karta Kazahstana (Archaeological map of Kazakhstan).* Alma-Ata: Kazakh SSR Academy of Sciences (in Russian).

2 Baitanayev, B. A. 2011. *Drevnosti Burgulyuka (Antiquities of Burgulyuk).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).

3 Smagulov, E. A., Baratov, S. R. 2004. In *Otan tarihy (History of the Homeland*) 3–4, 75–86 (in Russian).

About the Authors

Taleev Dokey – Candidate of Historical Sciences, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-1694-3762 E-mail: doc19_59@mail.ru

Kamaldinov Ilyar – Researcher, Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-5089-1281 E-mail: kamaldinov-ilyar@mail.ru

Shulga Valery – Researcher, the North Kazakhstan branch of the Margulan Institute of Archaeology, Petropavlovsk, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0005-5995-3951 E-mail: Shulga.valera@list.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Талеев Дөкей Әбдікерімұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Камалдинов Ильяр Рамильевич – ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы қ., Қазақстан

Шульга Валерий Александрович – ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Солтүстік Қазақстан филиалы, Петропавл қ., Қазақстан

Сведения об авторах

Талеев Докей Абдыкеримович – кандидат исторических наук, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

Камалдинов Ильяр Рамильевич – научный сотрудник, Институт археологии имени А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан

Шульга Валерий Александрович – научный сотрудник, Северо-Казахстанский филиал Института археологии имени А.Х. Маргулана, г. Петропавловск, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. /
Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /
Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 08.04.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 08.05.2024.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. /
The authors have made an equal contribution to the work.